

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 17 сәуірдегі N 347

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Реформаларды тереңдету және Қазақстан Республикасының уран өнеркәсібі мен атом энергиясын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қарашадағы N 1430 P961430_ қаулысында:

1-тармақтың алтыншы абзацындағы "Қазатомөнеркәсібі" акционерлік қоғамының басқармасын, Өскемен қаласында орналастыру туралы ұсынысқа келісім берілсін" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1148 P971148_ қаулысында:

1-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының басқармасын Алматы қаласында орналастыру туралы ұсынысқа келісім берілсін және Компанияны Алматы қаласында қажетті қызметтік үй-жайлармен қамтамасыз етсін";

"Уран өнімінің экспортын реттеудің кейбір мәселелері туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 24 ақпандағы N 130

P980130_

қаулысында:

4-тармақтың үшінші абзацындағы "он үшінші" деген сөз "жетінші" деген сөзбен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК